«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын ауданы, № 5 ғимарат
тел./факс 8 (7292) 33 02 24

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, г.Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5.
тел./факс 8 (7292) 33 02 24

№02-2-1279 от 19.08.2021 ж.

«Бейнеугаз» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) 2021 жылғы 05 тамыздағы №117146, 117191 шағымдарыңыз бойынша №5999099-1 «Ақтау қаласында «ГПП-4Г-ні қоректендіретін 110 кВ-ӘЖ Л-Г-5 және Л-Г-6-дан «ХАБ-1-110/10 кВ» ҚС-ға дейін 110 кВ-ӘЖ-нің екі тізбекті аралық шықпаларын салу» ашық конкурсына камералдық бақылау жүргізгенін қаперіңізге салады.

Камералдық бақылау нәтижесі бойынша Сіздің шағымыңызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталмады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының *(бұдан әрі – Ереже)* 155 тармағына сәйкес *егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия кезегі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия кезегі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер конкурс (лот) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса, осы алшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасына сәйкес жүзеге асырады».

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасының ескертпе бөлігіндегі 2 тармақшаға сәйкес, *егер конкурстың мәні Жаңа объектілерді салу, сондай – ақ қолда бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңның 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (бұдан әрі - орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері) жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады».*

Конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасының ескертпе бөлігіндегі 4 тармақшаға сәйкес ***«Егер конкурстың мәні жаңа құрылыс болып табылған жағдайда, тек жаңа объектілер құрылысының жұмыс тәжірибесі ескеріледі»***.

Конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасының ескертпе бөлігіндегі 8 тармақшаға сәйкес *«Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұрын орындалған жұмыстардың ұқсас немесе ұқсас болуы) және олардың техникалық күрделілігіне қарай есептеледі».*

Конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасының ескертпе бөлігіндегі 9 тармағының 4-тармақшасына сәйкес, *«бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір кіші бөлімінде болған жағдайда ескеріледі».*

Ереженің 457 тармағына сәйкес «Электрондық депозитарийде қамтылған әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттар, олар:

1) электрондық депозитарийде толтырылған мәліметтер ұсынылған жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарға сәйкес келмеген;

2) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар бойынша дәйексіз ақпарат анықталған жағдайларда қолданылады (веб-порталда бұғатталады).

Электрондық депозитарийде қамтылған әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың дәйектілігін тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары белгілеуі мүмкін».

Конкурсты ұйымдастырушының 1-2 қосымшасының 5- ескертпесіне сәйкес тапсырыс келесідей талаптар көрсетілген: *1) Сатып алынатын жұмыстардың атауы (лоттың атауы) – Электр желілерін салу/ монтаждау бойынша жұмыстар. 2) Қажетті жұмыс тәжірибесі (жыл саны) -0; 3) Құрылыстың түрі – жаңа құрылыс; 4)Ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі екінші – қалыпты; 5) Объектілердің техникалық жағынан күрделілігі -техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар;6) Функционалдық мақсаты – өзге де құрылыстар.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 9- тармағының 2-тармақшасына сәйкес, жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілерге (функционалдық мақсаты – өзге де құрылыстар) кернеуі 35 кВ бастап 220 кВ (кило Вольт) дейінгі (қоса алғанда) электр беру желілері және өзге де электр-желілік шаруашылық объектілері жатады.

Сәйкесінше, жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдіктер есептеу барысында конкурстық комиссиямен құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне, сонымен қатар ұқсастығына сәйкес есептейді. Камералдық бақылау нәтижесінде анықталғандай, «Бейнеугаз» ЖШС-нің конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасына сәйкес құжаттарды зерттеу кезінде, Сізбен шағымда көрсетілген, конкурста сатып алынатын жұмыстар бойынша ұсынылған нысандардың жауапкершілік деңгейі екінші – қалыпты, техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар болып көрсетілгені анықталды. Алайда, аталған нысандар бойынша электрондық депозитарийде толтырылған мәліметтер ұсынылған жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарға сәйкес келмейді, яғни депозитарийда толтырылған мәліметтер бойынша аталған нысандардың техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар екендігі анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 2-

ші тармағының 1-тармақшасына сәйкес, камералдық бақылау – ақпараттық жүйелердің деректерін, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау және салыстыру негізінде ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі *(бұдан әрі – уәкілетті орган)* мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісіне *(бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектісі)* бармай жүзеге асыратын бақылаудың өзге нысаны болып табылады.

Осы себептен, Сіздің шағымыңызға қосымша тіркеген құжаттар камералдық бақылау жүргізу кезінде есепке алынбайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабы 2 тармақшасына сай шағымыңыз мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғанын қаперіңізге саламыз.

Егер шағыммен келіспен, ҚР ӘРП Кодексінің 100-бабының 6-атрмағына сәйкес шағыммен келіспен жағдайда, жоғарғы тұрған органға немесе сотқа қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз ескертіледі.екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Сонымен бірге, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес, дауларды шешудің сотқа дейінгі процедурасы міндетті болып табылады

Департамент басшысының м.а **Н.Анесов**

Орын Е.Башагулов
тел 33-02-39.